Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 30 мамыр №4712-25-00-2/1512 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің «Ерке-Наз» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Center Qazaq International" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюы– қанағаттандырылсын.

"Center Qazaq International" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Center Qazaq International" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы

сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 30.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.07.2025, судья Борашева А. А., 04.07.2025

4712-25-3-1/1326